

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.09.2022 ж.

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**

1. Сейдинов Шора Мусалиевич – м.ғ.д., профессор, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының профессоры

**Комиссия мүшелері:**

1. Даулетова Меруерт – м.ғ.к., «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының аға оқытушысы;
2. Омарова Балнұр – PhD, «Профилактикалық медицина» кафедрасының аға оқытушысы;
3. Саруаров Ерболат – оқытушы, «Морфология және физиология» кафедрасының оқытушысы;
4. Арыстанова Айдана – ДҚДС-101ҚДС, докторант 2 курс;
5. Мейірбек Ғалым – ММ-101 магистрант 2 курс;
6. Орынбасар Сая – ЖМ-016 бакалавр 3 курс
7. М. Шалтаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар**

8. Молдалиев Ы. С. – факультет деканы, м.ғ.д., профессор
9. Мустафаева А. А. – Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы
10. Ибрагимова Л. – Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
11. Мухиддинова С. – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы
12. Саржанов Ф. – PhD, «Профилактикалық медицина» кафедрасының аға оқытушысы;
13. Айымханов М. – Тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

**Қатыспағандар: - жоқ**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігі, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуі және мерзімді жаңартылуы, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуі;
2. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі;
3. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері.
4. Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

**1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:**

а) Факультетте барлық ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және 1-қосымшада көрсетілген сыртқы және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № ҚР ДСМ-12/2020 бұйрығына сәйкес "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар

бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына сүйене 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламасы (ББ) өзгеріссіз қалды, алайда Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Гази университетімен бірлескен қос дипломды бағдарламасы қабылданды, екі жақты келісім шарт жүргізілді.

**Шешім:** Факультетте іске асырылатын ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес, ҚР БҒМ Реестрінде 2022-2023 оқу жылына жаңартылмады, 2021-2022 оқу жылындағы мәлімет бойынша тіркелген, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілген.

**2. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич сөз алып күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:**

2022-2023 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасы 74 (Б) тармағына сәйкес анықталды. Магистрлік диплом жетекшілеріне қойылатын талаптарға кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болу, ал докторлық диплом жетекшілеріне қойылатын талаптар: Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор коллекция), JCR деректері бойынша 1, 2, 3-квартильге кіретін немесе Citescore (сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын не Хирша индексі 2 және одан көп халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақаланың қалған даярлау бағыттары бойынша ғылыми басылымдар тізіліміне енгізілген бейіні бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор) базаларының бірінде индекстелетін не Citescore (сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болуы шарт.

**Шешім:** 2022-2023 оқу жылына докторант және магистрант ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілері біліктілік талаптарға сәйкестігі қанағаттанарлық деп таңылсын.

**3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.**

Кафедра оқытушылары «Damu» ЖШС, «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру бойынша өз өтетін пәндерін онлайн форматта біліктілікті жетілдіру курсынан өтті. Сонымен қатар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» және «Қашықтықтан білім беру» курсы ұйымдастырылып, барлық ОПК осы курстан өтіп арнайы сертификаттар берілді.

Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынуы бақылауға алынсын.

**Шешім** Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері бекітілген талаптарға сәйкес деп таңылсын.

**4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сейдинов Шора Мусалиевич сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Жаңа 2022-2023 жж. оқу жылына дайындалған жоспарымен таныстырды.**

Мәжіліс төрағасы:



Сейдинов Шора Мусалиевич

Мәжіліс хатшысы:



Мейірбек Ғалым